

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ



«КЕЛІСІЛДІ»

«Bolashag» Академиясы ЖММ

Ректоры

Рысмагамбетова Г.М.

«27»

04

2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды университеті

Басқарма Төрағасы - Ректор

Дулатбеков Н.О.

«05»

05

2023 ж.



ЖК «Центр»

Директор

Матрениенко Е.Э.

«19»

2023 ж.

«7М031Әлеуметтік ғылымдар»  
дайындық бағыты бойынша  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7М03104 Психология»  
Деңгейі: Магистратура

Қарағанды, 2023

**«7М03104 Психология» дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесі негізде құрылды:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының заңы
- 2018 жылғы 31 тамыздағы №604 мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
- Әлеуметтік және еңбек қатынастарын әлеуметтік әріптестік және реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия 2016 жылғы

16 наурыздағы ұлттық біліктілік шеңбері

- ҚР БҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 2 қазандағы № 152 бұйрығы
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші 13 қазан 2018ж. №569

«7M03104 Психология» білім беру бағдарламасы

Мазмұны:

<b>№</b>	<b>Білім беру бағдарламасының паспорты</b>	<b>Беттері</b>
1	Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	4
2	Білім беру аймағының, дайындық бағытының коды мен классификациясы	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу формасы	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	ББХСЖ бойынша деңгей	4
10	ҰЖШ бойынша деңгей	4
11	СЖШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының айрықша еренкшеліктері	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және БА аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Түлектің біліктілік тізімі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы және объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттілік негізінде оқу нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау	7
19	Оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы	8
20	Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль аясында оқыту және бағалау әдістерімен үйлестіру	19
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	20
22	Түлек моделі	22
23	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары	23

## **1. Білім беру бағдарламасының паспорты**

- 1. Білім беру бағдарламасының коды мен атауы:** «7M03104 - Психология»
- 2. Білім беру аймағының, дайындық бағытының коды мен классификациясы:** 7M03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат. 7M03 Әлеуметтік ғылымдар
- 3. Білім беру бағдарламасының тобы:** M066-Психология
- 4. Кредиттер көлемі:** 120 ECTS
- 5. Оқу формасы:** күндізгі
- 6. Оқу тілі:** қазақ және орыс
- 7. Берілетін дәреже:** «7M03104 - Психология» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі
- 8. Білім беру бағдарламасының түрі:** іске асырылып жатқан
- 9. ББХСЖ бойынша деңгей:** 7 деңгей
- 10. ҰЖШ бойынша деңгей:** 7 деңгей
- 11. СЖШ бойынша деңгей:** 7 деңгей
- 12. Білім беру бағдарламасының айрықша еренкшеліктері:** жоқ
- 13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** 28.07.2020 ж. № 320 лицензия № KZ83LAA00018495
- 14. Аккредиттеу органының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** SA №168/2 БСҚА агенттігі 10.06.2019 ж.- 07.06.2024 ж.
- 15. Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Еңбек нарығында сұранысқа ие, ғылыми-теориялық білімі мен құзыреттілігі бар, қазіргі жағдайда кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайын, белсенді ойлау қабілеті бар және қоғамның прогрессивті, ғылыми және мәдени дамуына ықпал ететін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.
- 16. Түлектің біліктілік сипаттамасы:**
  - а) Түлектің біліктілік тізімі:**
    - орта және жоғары оқу орындарында психолог;
    - қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтарында кәсіптік бағдар беру және кәсіптік оқыту орталықтарында психолог;
    - қоғамдық пікір және саяси технологияларды зерттеу орталықтарындағы психолог; - өндірістік кәсіпорындарда психолог (персоналмен жұмыс жөніндегі менеджер);
    - спорт ұйымдарында психолог;
    - медициналық ұйымдарда және емдеу-алдын алу мекемелерінде психолог;
    - құқық қорғау ұйымдары мен пенитенциарлық мекемелерде, педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарында психолог;
    - ғылыми-зерттеу ұйымдарында кіші ғылыми қызметкер.
  - б) Кәсіби қызмет саласы:**

Психологтың кәсіби-психологиялық қызметін жүзеге асыру салалары:

    - адам факторын зерттеу бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету (ғылыми-зерттеу);
    - адам ресурстарын басқару және кадрларды аттестаттау, кәсіби бағдар және кәсіби іріктеу, өндірістік қызмет және бизнесті

(өндірістік) психологиялық қолдау;

- оқыту және тәрбиелеу (білім беру) процестерін психологиялық зерделеу және сүйемелдеу;

- спорт ұйымдарының қызметін психологиялық қолдау;

- психологиялық алдын алу және психологиялық түзету (денсаулық сақтау);

- жедел-ізвестіру және тергеу қызметін, сот ісін жүргізу, құқықтық профилактиканы және пенитенциарлық қызметті (құқық қорғау) психологиялық сүйемелдеу.

**Кәсіби қызмет объектілері:**

мектепке дейінгі ұйымдар, орта мектептер, лицейлер мен гимназиялар, мамандандырылған білім беру және тәрбие ұйымдары, училищелер, колледждер мен техникумдар; ғылыми-зерттеу институттары мен зерттеу орталықтары; спорттық және шығармашылық ұйымдар; денсаулық сақтау ұйымдары; кәсіптік бағдарлау және кәсіптік оқыту орталықтары, қалалық және республикалық әлеуметтік қызметтер, жұмыспен қамту орталықтары; қоғамдық пікір мен саяси технологияларды зерттеу орталықтары өндірістік кәсіпорындар мен бизнес ұйымдары; құқық қорғау ұйымдары мен пенитенциарлық мекемелер, педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтары.

**в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері:**

- білім беру (педагогикалық);

- ғылыми-зерттеу;

- сараптамалық-диагностикалық;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық (адам ресурстарын басқару саласында).

**г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:**

- оқыту-білім алушыларды оқыту мен дамытуды, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды, педагогикалық процесті жобалау мен басқаруды, педагогикалық қызмет нәтижелерін диагностикалауды, түзетуді, болжауды жүзеге асырады;

- басқару-білім беру мен ғылымды дамытудың жалпы үрдістері, білім беру мекемелерін дамытудың жалпы стратегиялық бағыты контексінде процестерді басқарады, кәсіби қоғамдастықпен және барлық мүдделі тараптармен өзара іс - қимылды жүзеге асырады; - зерттеу-әртүрлі ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде ғылыми зерттеулерді орындайды, психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін шығармашылықпен пайдаланады, зерттеу нәтижелерін кәсіби қызметке енгізеді.

## Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік типі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН 1	Басқарушылық іс-әрекет аясында және әлеуметтік өзара әрекеттесу психологиясындағы психологиялық зерттеу әдістемелерін меңгеру.
	ОН 2	Халықаралық зерттеулер мен жарияланымдарды, классикалық және заманауи теориялық әдіснамалық бағыттарды талдау үшін, кәсіби ортада шет тілінде қарым-қатынасты жүзеге асыру, әлемнің психологиялық бейнесі туралы шет тілінде өз ойларын білдіру және еркін қарым-қатынасты көрсету.
	ОН3	Ғылыми-педагогикалық, эксперименттік және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттің кешенді құралдарын қолдана біледі, практикалық және кеңес беру саласында психология бойынша ғылыми эксперименттік зерттеулер жүргізу кезінде әдістер мен тәсілдерді қолдана біледі.
	ОН4	Эмоционалды және әлеуметтік интеллект туралы заманауи білімді талдайды және біріктіреді, уақыттық ресурстарды басқару технологияларын қолданады.
	ОН5	Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі психологиялық ғылымның қазіргі заманғы мәселелері мен даму стратегияларын талдайды, кәсіби іс-әрекетте заманауи психологиялық білімді қолданады.
2. Сандық құзыреттілік (Digital skills)	ОН6	Ғылыми ақпаратты іздеу, сыни талдау және ғылыми ақпаратты жалпылау, сандық білім беру ресурстарын қолдана отырып, зерттеудің оңтайлы әдістерін таңдау қабілеттерін меңгереді.
	ОН7	Қазіргі заманғы ғылыми технологияларды меңгереді, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық-талдау жұмысын жүргізеді, қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдау және шеше біледі.
3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	ОН8	Психологиялық ғылым мен тәжірибенің даму мәселелері мен тенденцияларын талдайды және бағалайды, тұлға мен әлеуметтік топтардың өзекті психологиялық мәселелерін салыстырады және негіздейді.
	ОН9	Психологиялық іс-әрекетте қолдану үшін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың заманауи теориялық-әдіснамалық, қолданбалы бағыттардың тұжырымдамалық білімдерді және түсініктерді пайдаланады.
	ОН10	Тұлға дамуының психикалық, физикалық денсаулық нормаларын және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік іс-әрекеттің жаңа әдістері мен әдістемелерін құрастырады, бейімдейді және түрлендіреді.
	ОН11	Әлемдегі және Қазақстандағы психологияның қазіргі даму тенденцияларын түсінеді, психологиялық саладағы ең пайдалы бағыттарды ашады, психология саласындағы негізгі мәселелерді бағалайды, психологиялық саладағы ең тәжірибеге-бағдарланған бағыттарды таңдайды.
	ОН12	Білім беру саласындағы практикалық психологиялық міндеттерді шешу үшін білімді, іскерлікті және дағдыларды интеграциялайды, жоғары білім беру жүйесінде психологиялық дайындыққа қажеттілікті анықтайды
	ОН 13	Ғылыми зерттеулерді, жобалық қызметті ұйымдастырады, алынған нәтижелерді өз бетінше талдайды және ұсынады, идеяларды, қол жеткізілген нәтижелер мен инновацияларды ілгерілетеді
	ОН 14	Психологиялық эксперименттерді математикалық модельдеу әдістерін, жүйелі ғылыми зерттеу жүргізу механизмдерін, заманауи психодиагностика және процестерді модельдеу әдістерін қолдана алады
	ОН15	Жалпы кәсіптік құзыреттерді, бағалау құралдарын, зерттеу әдістерін қолдану негізінде эксперименттік психологиялық зерттеу бағдарламасын әзірлейді және іске асырады

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пән атуы	Көлемі (ECTS)
ОН1	Әлеуметтік-психологиялық білімнің философиялық және гуманитарлық аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН9		Жоғарғы мектеп педагогикасы	4
		Басқару психологиясы	4
ОН3	Әлеуметтік-психологиялық білімнің философиялық және гуманитарлық аспектілері	Педагогикалық іс-тәжірибе	4
ОН12			
ОН2	Кәсіби тілдер	Шет тілі (кәсіби)	4
		Психологиялық ғылымдағы кәсіби шетел терминологиясы	5
		Психоллингвистика	
ОН4	Базалық дайындықтың инновациялық аспектілері	Психологиядағы статистиканың қазіргі заманғы әдістері	5
ОН5		Психологиядағы мәліметтерді компьютерлік өңдеу әдістері	
		Заманауи психологияның инновациялық тенденциялары	
ОН8		Қақтығысты реттеу бойынша кәсіби медиация	
ОН11	Теориялық-әдістемелік психология	Жоғарғы мектеп психологиясы	5
		Қазақстандағы психологиялық ғылымның өзекті мәселелері (ағылшын тілінде)	4
		Танымдық іс-әрекет психологиясы (ағылшын тілінде)	4
ОН6	Тәжірибеге бағытталған психология	ЖОО-да Психологияны оқыту әдістемес	5
		Оқыту психологиясы	5
		Тұлғаны диагностикалаудың заманауи әдістері	
ОН7		Студент тұлғасының психологиялық негіздері	
		Этнопсихологиядағы эксперименттік және кросс-мәдени зерттеулер	4
		Психологиядағы қолданбалы зерттеулер	5
		Психологиялық эксперименттің теориясы мен практикасы (ағылшын тілінде)	
ОН10		Психологиядағы ғылыми зерттеулердің әдіснамалық аспектілері	5
		Дін психологиясы (ағылшын тілінде)	
		Экзистенциалды психология	

ОН13	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Зерттеу практикасы	14
ОН14		Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
ОН 15	Қорытынды аттестация	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	12

### Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын Оқыту нәтижелері (кодтар)																
					ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13	ОН 14	ОН 15		
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән мақсаты - ғылыми танымның жалпы заңдылықтарын оның тарихи дамуы мен өзгермелі әлеуметтік-мәдени контекстінде зерттеу. Пән ғылым философиясымен және ғылым әдіснамасымен таныстырады, ғылымды танымдық іс-әрекет және дәстүр, әлеуметтік институт және мәдениеттің ерекше саласы ретінде қарастырады. Ғылымды қазіргі өркениет мәдениетінде, әсіресе ғылыми танымда қарастырады. Ғылымның қоғам өміріндегі функциялары, ғылыми қызметтің институционалдық нысандарының тарихи дамуы. Ғылыми қоғамдастықтармен және олардың тарихи типтерімен таныстырады, ғылыми кадрларды дайындайды.	4	+									+							
D2	Жоғары мектептің педагогикасы	Пәннің мақсаты - ғылыми-педагогикалық әдіснама және оқу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі саласында теориялық және практикалық ұсыныстар әзірлеу үшін алынған білімді өзектендіру; алынған теориялық білім мен іскерлікті кәсіби іс-	4	+									+							



		әрекетте қолдану.																	
D3	Басқару психологиясы	Басқару психологиясының негізгі ұғымдарын, теориялық ережелерін және өзекті мәселелерін зерттейді. Басқарушының тұлғалық ерекшеліктері, басқарушы мен бағынушылар арасындағы қарым-қатынас, іскерлік қарым-қатынастың психологиялық аспектілері, басқарудың мотивациялық аспектілері, ұйымдардағы психологтың ғылыми-практикалық іс-әрекетін жүргізу әдістемесі мәселелері қарастырылады.	4	+															
D4	Шет тілі (кәсіби)	Тіл нормаларына сәйкес коммуникативтік және кәсіби қызметте оқытылған тілдік құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастырады. Курс шет тіліндегі ғылыми терминологияны оқып-үйренуге және қолдануға, қойылған сұрақтарға жауаптарды стилистикалық тұрғыдан сауатты, логикалық тұрғыдан дұрыс ұсынуға арналған.	4	+															
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша Компонент																			
D5	Психологиялық ғылымдағы кәсіби шетел терминологиясы	Пәннің мақсаты – психология ғылымының кәсіби және арнайы лексикасын зерттеу және қолдану. Терминнің тіл құрамындағы орны, оның маңызды белгілері, қазіргі ағылшын тілі жүйесіндегі психологиялық терминология, студенттерге шет тілі терминологиясын оқыту әдістемесі мәселелері қарастырылады.	5	+															
D6	Психоллингвистика	Курс психоллингвистиканың объектін, пәнін, негізгі бөлімдерін, басқа ғылымдар жүйесіндегі орнын, психоллингвистиканың пайда болу және даму тарихын зерттеуге бағытталған. Психоллингвистиканың қазіргі жағдайы, тенденциялары, тілдік психологиялық бірліктері, білім беру процесі субъектілерінің тіл мен сөйлеу іс-әрекетінің байланысы мәселелері қарастырылады.	5	+															
D7	Заманауи психологияның инновациялық тенденциялары	Пән психологиялық кеңес беру процесіне инновациялар мен инновациялық іс-әрекетті енгізу	5				+		+					+					

		арқылы субъектінің әлеуетін дамыту туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Үнемі өзгеріп отыратын қоғамда жаңа ойын, мәселелік және топтық әдістерді қолдану арқылы клиенттің бейімделу мүмкіндіктерін арттыру мәселелері қарастырылады.																
D8	Қақтығысты реттеу бойынша кәсіби медиация	Пән медиацияның мәні мен түрлері, медиатордың функциялары, келіссөздер процесінде медиацияның психологиялық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс медиатордың келіссөз жүргізушілермен өзара әрекеттесуінің психологиялық технологиясын, қақтығысушы тараптардың өзара сенімін орнатудың кезеңдері мен әдістерін дамытуға арналған.	5				+	+										
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті																		
D9	Жоғары мектеп психологиясы	Пәннің мақсаты - жоғары білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары, іс-әрекет психологиясы, жоғары білім беру жүйесіндегі оқу іс-әрекетінің психологиялық компоненттері туралы білімді қалыптастыру. Оқытушы мен студент іс-әрекетінің ерекшеліктері, студенттік жас ерекшеліктері, студенттерді тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктері және студенттік топтардың рөлі талданады.	5															+
D10	Қазақстандағы психологиялық ғылымның өзекті мәселелері (ағылшынша)	Курс Қазақстанда психологиялық ғылымның дамуы мен қалыптасуының философиялық және ғылыми алғышарттарын, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Қазіргі психологиялық зерттеулердің теориялық және практикалық бағыты, даму тенденциялары және Қазақстандағы психологиялық ғылымның өзекті мәселелері қарастырылады.	4															+
D11	Танымдық іс-әрекет психологиясы (ағылшынша)	Пән оқу процесінде танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың психологиялық негіздерін, бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті қалыптастыру	4															+

		барысында оқу процесін басқаруды қарастырады. Пән оқыту процесін перцептивті, мнемоникалық және психикалық белсенділікті қамтитын күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде талдауға бағытталған.																
Бейіндік пәндер циклі Таңдау бойынша компонент																		
D12	Психологиядағы мәліметтерді компьютерлік өңдеу әдістері	Пән тұлғаның мәліметтерін өңдеудің заманауи компьютерлік әдістері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық зерттеуді компьютерлік қамтамасыз ету, компьютерлік техниканы қолданудың негізгі аспектілері қарастырылады. Пән компьютерлік тест батареяларымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, психодиагностикалық зерттеудің нәтижелерін құжаттауға бағытталған.	5							+	+							
D13	Психологиядағы статистиканың қазіргі заманғы әдістері	Пән психологиядағы статистикалық әдістерді, SPSS бағдарламасында мәліметтерді дайындауды, жиілікті талдаудың ерекшеліктерін зерттейді. SPSS-тегі мәліметтерді таңдау және өзгерту ерекшеліктерімен таныстырады. Мәліметтерді өңдеудің параметрлік және параметрлік емес өлшемдері, регрессиялық, дисперсиялық және факторлық талдау, зерттеу нәтижелерін графикалық ұсыну туралы білімді қалыптастырады.	5							+	+							
D14	ЖОО-да психологияны оқыту әдістемесі	Курс психологияны оқытудың теориялық және әдіснамалық мәселелерін зерттеуге арналған. Гуманитарлық парадигма және оны психологияны	5							+	+							

		оқытуда іске асыру; кәсіби психологиялық білім берудің бағдары ретінде психологтың іс-әрекеті; сыни ойлауды қалыптастыру факторы ретінде психологиялық заңдылықтар мәселелері қарастырылады.																
D15	Оқыту психологиясы	Пән жоғары оқу орнындағы мақсаттарды, мазмұнды, оқыту әдістерін қайта құрудың негізгі тенденцияларын зерттеуге; оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің қазіргі даму кезеңінде психологияның рөлі мен орнын зерттеуге бағытталған. Психология курсының мазмұны, оқу орындарында дидактикалық принциптерді жүзеге асыру әдістемесі мәселелері қарастырылады.	5						+	+								
D16	Тұлғаны диагностикалаудың заманауи әдістері	Пән аясында психологтың теориялық және практикалық саласы қарастырылады, нақты және сенімді диагностикалық пайымдаулардың заңдылықтары, «диагностикалық ой қорытындылар» ережелері, тұлғаны зерттеудің заманауи психодиагностикалық әдістерін қолдану зерттеледі. Теориялық және практикалық білімді адам психологиясы туралы білімнің бірыңғай жүйесіне біріктірудегі психодиагностиканың мүмкіндіктері қарастырылады.	5						+	+								
D17	Студент тұлғасының психологиялық негіздері	Пән студенттік жастағы психологиялық ерекшеліктер, студент тұлғасының даму ерекшеліктері, тұлғаның дамуындағы топтардың рөлі, студенттік жастағы	5						+	+								

		тәрбиенің психологиялық ерекшеліктері, тұлғаны әлеуметтендіру, студенттік жастағы іс-әрекетті дамыту, шығармашылық ойлаудың ерекшеліктері туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.																
D18	Психологиядағы қолданбалы зерттеулер	Пәннің мақсаты қолданбалы зерттеулер туралы түсінік қалыптастыру болып табылады. Психологиядағы жарамды қолданбалы зерттеулерді ұйымдастырудың негізгі мәселелері, зерттеуді жоспарлау аспектілері, пәндерді таңдау стратегиясы, зерттеу нәтижелерін адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларына енгізу, психологиялық ғылымдағы қолданбалы зерттеулердің даму тенденциялары қарастырылады.	5						+	+								
D19	Этнопсихологиядағы эксперименттік және кросс-мәдени зерттеулер	Пән аясында әртүрлі елдердегі психологиялық ойдың даму кезеңдері мен әлеуметтік механизмдері, психологиялық теориялардың қалыптасуының философиялық және ғылыми алғышарттары, әлемдік психологияның даму перспективалары зерттеледі. Қазіргі психологияның теориялық және әдіснамалық мәселелері, психологиялық ғылымның негізгі принциптері мен категориялары қарастырылады.	5						+	+								
D20	Психологиялық эксперименттің теориясы мен практикасы	Пәннің мақсаты-психологиялық зерттеудің әдіснамалық негіздерін, эмпирикалық әдістердің жіктелуі мен сипаттамаларын зерттеу, Психологиялық	6						+	+								

		эксперименттің тәртібі мен ұйымдастырылуын, айнымалыларды бақылау әдістерін, эксперименттік жоспарлардың схемаларын қарастыру, сыналушы мен экспериментатордың өзара әрекеттесуінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері, эксперименттік психологияның әдіснамалық принциптері, ғылыми зерттеу әдісінің стандарттары туралы білімді қалыптастыру.															
D21	Психологиядағы ғылыми зерттеулердің әдіснамалық аспектілері	Пәннің мақсаты - ғылыми психологиялық зерттеу әдіснамасын зерттеу. Пән аясында ғылыми және күнделікті білімнің арақатынасы; ғылыми психологиялық таным эволюциясы; мәдени-ғылыми дәстүр психологиялық білім эволюциясын талдау құралы ретінде, психологиялық білімнің сапалық ерекшелігі, оның сипаттамалары, ғылыми психологиялық таным әдіснамасының мәдени контексті қарастырылады.	6						+	+							
D22	Дін психологиясы (ағылшынша)	Курс сенім құбылысының әлеуметтік-психологиялық табиғатын, діни тұлғаның қалыптасуының факторлары мен заңдылықтарын, кейбір діни культтердің ерекшеліктерін, кейбір эмоционалды процестердің жүруінің мәнін, діни сананың ерекшеліктерін, діни қауымдастықтар өмірінің психологиялық аспектілерін зерттеуге арналған. Өзіндік сананың жүріс-тұрыстық, танымдық және эмоционалды деңгейіне сенімнің әсер ету мәселелері қарастырылады.	5						+	+							
D23	Экзистенциалды	Экзистенциалды	5						+	+							

психология (ағылшынша)	психологияның мәселелері мен теориялары: мағынаға ұмтылу, өмірдің мәні туралы түсінік, ерік бостандығы туралы ілім туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Адам өмірінің негізгі проблемалары, индивид үшін ерекше маңызды өмірдің әртүрлі аспектілеріне оң баға беру ретінде өмірге қанағаттану мәселелері қарастырылады.																	
---------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

### Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль аясында оқыту және бағалау әдістерімен үйлестіру

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Басқарушылық қызмет және әлеуметтік өзара іс-қимыл психологиясы саласындағы психологиялық зерттеу әдістемелерін меңгерген	әдебиетпен өзіндік жұмыс	қорытынды мен ұсыныстар жазу
ОН 2	Халықаралық зерттеулер мен жарияланымдарды, классикалық және заманауи теориялық әдіснамалық тәсілдерді талдау үшін шет тіліндегі әлемнің психологиялық бейнесі туралы еркін қарым-қатынасты көрсетеді және өз ойларын білдіреді, кәсіби ортада шет тілінде қарым-қатынасты жүзеге асырады	шығармашылық тапсырмалар	ауызша сөйлеу
ОН 3	Ғылыми-педагогикалық, эксперименттік және ғылыми-зерттеу қызметінің кешенді құралдарын қолдана біледі, практикалық және кеңес беру саласында психология бойынша ғылыми эксперименттік зерттеулер жүргізу кезінде әдістер мен тәсілдерді қолдана біледі	Сократтық диалог	қорытынды мен ұсыныстар жазу
ОН 4	Эмоционалды және әлеуметтік интеллект туралы заманауи білімді талдау және біріктіру, уақытша ресурстарды басқару технологияларын қолдана алады	кейс-стади	портфолио
ОН 5	Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі психологиялық ғылымның қазіргі заманғы проблемалары мен даму стратегияларын талдау, кәсіби қызметте заманауи психологиялық білімді қолдана алады	әдебиетпен өзіндік жұмыс	мақалаға сын-пікір жазу
ОН 6	Ғылыми ақпаратты іздеу, сыни талдау және жалпылау, сандық білім беру ресурстарын қолдана отырып, зерттеудің оңтайлы әдістерін таңдау қабілеттерін меңгеру	пікірталас	сараптамалық шолу жазу
ОН 7	Қазіргі заманғы ғылыми технологияларды меңгереді, ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-талдау жұмысын жүргізеді, қазіргі заманғы ғылыми және практикалық проблемаларды тұжырымдай және шеше біледі	миға шабуыл	топтық талқылау
ОН 8	Психологиялық ғылым мен практиканың даму проблемалары мен тенденцияларын талдайды және бағалайды, жеке тұлға мен әлеуметтік топтардың өзекті психологиялық мәселелерін салыстырады және негіздейді	пікірсайыс	коллоквиум
ОН 9	Психологиялық қызметте қолдану үшін әлеуметтік-	Сократтық диалог	топтық талқылау

	гуманитарлық ғылымдардың заманауи теориялық-әдіснамалық, қолданбалы тәсілдерін тұжырымдамалық білімдер мен түсініктерді пайдалану		
ОН 10	Тұлғаның психикалық, физикалық денсаулық нормаларын және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми-зерттеу және практикалық қызметтің жаңа әдістері мен әдістемелерін түрлендіреді, бейімдейді және құрайды	жобалық оқыту	презентация
ОН 11	Әлемдегі және Қазақстандағы психологияның қазіргі даму тенденцияларын түсінеді, психологиялық саладағы ең пайдалы бағыттарды ашады, психология саласындағы негізгі мәселелерді бағалайды, психологиялық саладағы ең практикалық бағыттағы бағыттарды таңдайды	интерактивті дәріс	коллоквиум
ОН 12	Білім беру саласындағы практикалық психологиялық міндеттерді шешу үшін білімді, іскерлікті және дағдыларды интеграциялайды, жоғары білім беру жүйесінде психологиялық дайындыққа қажеттілікті анықтайды	кейс-стади	портфолио
ОН 13	Ғылыми зерттеулерді, жобалық қызметті ұйымдастырады, алынған нәтижелерді өз бетінше талдайды және ұсынады, идеяларды, қол жеткізілген нәтижелер мен инновацияларды ілгерілетеді	жобалап оқыту	презентация
ОН 14	Психологиялық эксперименттерді математикалық модельдеу әдістерін, жүйелі ғылыми зерттеу жүргізу механизмдерін, заманауи психодиагностика және процестерді модельдеу әдістерін қолдана алады	интерактивті дәріс	топтық талқылау
ОН 15	Жалпы кәсіптік құзыреттерді, бағалау құралдарын, зерттеу әдістерін қолдану негізінде эксперименттік психологиялық зерттеу бағдарламасын әзірлейді және іске асырады	жобалап оқыту	ауызша сөйлеу

### Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	<b>Біледі:</b> психологиялық зерттеу әдістерді: кезеңдерін, тәртібін, талаптарын
	<b>Істей алады:</b> басқарушылық қызмет және әлеуметтік өзара әрекеттестік психологиясы саласында зерттеулер жүргізуді
	<b>Меңгерген:</b> басқарушылық қызметте тиімділікке ықпал ететін зерттеуші дағдыларын
ОН 2	<b>Істей алады:</b> қарым-қатынас жасау кәсіби ортада шет тілінде еркін сөйлесуді
	<b>Меңгерген:</b> халықаралық зерттеулер мен баслымдарды, классикалық және заманауи теориялық және әдістемелік тәсілдерді талдауға арналған шет тілін
ОН 3	<b>Біледі:</b> ғылыми-педагогикалық, эксперименттік және зерттеушілік қызметтің кешенді құралдарын
	<b>Істей алады:</b> ғылыми эксперименттік зерттеулер жүргізуде әдістер мен әдістерді қолдануды
ОН 4	<b>Біледі:</b> эмоционалды қалып пен жүріс-тұрысты басқарудың тиімді әдістерін
	<b>Істей алады:</b> уақытты басқару әдістерін қолдануны
ОН 5	<b>Істей алады:</b> психология ғылымының қазіргі мәселелері мен даму стратегияларын түсіндіру және салыстыруды
	<b>Меңгерген:</b> аналитикалық, сыни, болжамды ойлау дағдыларын
ОН 6	<b>Істей алады:</b> сандық білім беру ресурстарын пайдалануды
	<b>Меңгерген:</b> ғылыми ақпаратты іздеу, сыни талдау және жалпылау қабілетін
ОН 7	<b>Істей алады:</b> қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді талдауды
	<b>Меңгерген:</b> ақпараттық-талдау жұмыстарына ықпал ететін ғылыми технологияларды
ОН 8	<b>Біледі:</b> психологиялық-педагогикалық ғылымдағы даму тенденциялары мен тұлға теориясын
	<b>Меңгерген:</b> тұлғаның өзекті психологиялық мәселелерін дәлелдей білуді
ОН 9	<b>Біледі:</b> әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың концептуалды теориялық және әдіснамалық тәсілдерін
	<b>Меңгерген:</b> психологиялық әрекеттегі инновациялық идеяларды талдау дағдыларын



ОН 10	<b>Меңгерген:</b> диагностикалық құралдарды, коррекциялық бағдарламаларды әзірлеу дағдыларын
ОН 11	<b>Біледі:</b> психология саласындағы және қазақстандық ғылыми қоғамдастықтың қазіргі даму тенденцияларын
	<b>Істей алады:</b> психологиялық саладағы тәжірибеге бағытталған бағыттарды түсіндіру және салыстыруды
ОН 12	<b>Істей алады:</b> жоғары білім беру жағдайында психологиялық дайындық қажеттіліктерін талдауды
ОН 13	<b>Істей алады:</b> ғылыми зерттеулерді, жобалау қызметін, статистикалық өңдеуді және зерттеу нәтижелерін түсіндіруді жүргізуді
	<b>Меңгерген:</b> оқу процесін бағалау тәсілдерін
РО 14	<b>Біледі:</b> заманауи психодиагностика және модельдеу процестерін жүргізу механизмдерін
	<b>Меңгерген:</b> психологиялық эксперименттерді математикалық модельдеу әдістерін
РО 15	<b>Меңгерген:</b> эксперименталды психологиялық зерттеу бағдарламаларын жасау дағдыларын

Магистратура бітірушінің атрибуттары: Өз мамандығы бойынша терең кәсіби білім, білім және ғылым саласындағы тенденцияларды меңгеруге қызығушылық, кәсіби қоғамдастықпен бірлесіп жұмыс істеу қабілеті, кәсіби және тұлғалық даму мүмкіндіктерін іздеудегі тәуелсіздік, көпшіл , төзімділік пен тәрбие, академиялық адалдық, Қазақстанның мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайын болу.











Магистратура бітірушінің атрибуттары: өз мамандығы бойынша терең кәсіби білім, білім және ғылым саласындағы тенденцияларды меңгеруге қызығушылық, кәсіби қоғамдастықпен бірлесіп жұмыс істеу қабілеті, кәсіби және тұлғалық даму мүмкіндіктерін іздеудегі тәуелсіздік, көпшіл , төзімділік пен тәрбие, академиялық адалдық, Қазақстанның мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайын болу.

**Түлек моделі**

Құзіреттілік түрлері	Құзіреттілік сипаттамалары
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- басқалармен қарым-қатынас кезінде әлеуметтік өзара әрекеттесу нормалары мен ережелерін біледі;</li> <li>- басқа адамдардың эмоционалдық жай-күйін қабылдау және түсіну қабілеті; өзінің уақыт ресурстарын өзін-өзі ұйымдастырады және басқару дағдысына ие болады;</li> <li>- ана және шет тілдерінде ғылыми жазу және коммуникация дағдыларын меңгереді, өз идеяларын дәлелдей біледі, оларды кәсіби пікірталастарда көрсете және қорғай біледі.</li> <li>- топта жұмыс істей біледі, коммуникативтік дағдыларға ие;</li> <li>- ақпаратты іздейді, аналитикалық ойлайды, креативті ойлау дағдыларына ие;</li> <li>- икемділікке, тапқырлыққа, әлеуметтік жауапкершілікке, күйзеліске төзімділікке ие;</li> <li>- бастамашылыққа, ұқыптылыққа, жауапкершілікке;</li> <li>- кәсіби қызметте теориялық білімдерін қолдана біледі.</li> </ul>
2. Сандық құзыреттілік (Digital skills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түрлі онлайн-құралдар мен онлайн-курстар туралы біледі;</li> <li>-кәсіби қызметте компьютерлік және сандық технологияларды пайдаланады, ақпаратты сақтайды және алмасу дағдыларына ие;</li> <li>-әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ғылымдар саласындағы білімге қол жеткізу үшін цифрлық құралдарды пайдалану қабілетіне ие.</li> </ul>
3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- іргелі және өзекті тұжырымдамаларды біледі және түсінеді, жүйелі ғылыми ойлау негізінде әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, стратегияны, ғылыми проблемаларды шешу жолдары мен тәсілдерін анықтайды;</li> <li>- концептуалды психологиялық ұғымдармен жұмыс жасай отырып, әртүрлі ғылыми-психологиялық теорияларды салыстыра біледі және тұлғаның психологиялық мәселелерінің қазіргі жағдайын талдай біледі;</li> <li>- жасерекшелік, әлеуметтік, гендерлік, кросс-мәдени және басқа да психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, оның ішінде инновациялық ғылыми-психологиялық технологияларды қолдана отырып, психологиялық зерттеулер жүргізе біледі;</li> <li>- заманауи әдістердің көмегімен зерттеу нәтижелерін статистикалық және ғылыми негізделген өңдеуді жүзеге асыру мүмкіндігіне ие</li> </ul>

**Құрастырғандар:**

Психология кафедрасының меңгерушісі  
 Психология каф. қауымдастырылған профессоры, пс.ғ.к.  
 Психология каф. доценті, пс.ғ.к.  
 Аға оқытушы  
 Аға оқытушы  
 Аға оқытушы  
 ЖК «Центр» директоры  
 Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралып, ұсынылды  
 Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қаралып, мемлекеттік академиялық  
 Білім беру бағдарламасы басқарма отырысында қаралды және бекітілді  
 Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
 Академиялық жұмыс департаментінің директоры  
 Философия және психология факультетінің деканы

 Г.К. Сланбекова  
 Р.Т. Алимбаева  
 Г.Б. Капбасова  
 Е.А. Лазарева  
 Д.Ф. Мухамедкаримова  
 С.М. Нургалиева  
 Е.Э. Матрененко  
 31.03.2023 хаттама № 9  
 28.04.2023 хаттама № 5  
 30.05.2023 хаттама № 12  
 Т.З. Жүсіпбек  
 С.А. Смаилова  
 А.Д. Макатова

**7M03104 – ПСИХОЛОГИЯ**  
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУЫ ЖОСПАРЫ**

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының қажеттілігіне және ғылыми білімнің дамуының замануи тенденцияларына сәйкес білім беру бағдарламасының жүзеге асыру шарттарының сапасын жақсартуды қамтамасыз ету.

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (жоспар)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
<b>1</b>	<b>Кадрлық потенциалды дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1	1	2	2
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	1	1	2	2
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны				
<b>2</b>	<b>Рейтингтердегі БББ жылжыту</b>					
2.1	НАОКО	Позиция	4	4	3	3
2.2	НААР	Позиция	6	6	5	5
2.3	Атамекен	Позиция				
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу</b>					
3.1	Оқулықтар	Саны				
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	2	2
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны			1	1
3.4	Электронды оқулық	Саны	1		1	2
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны			1	1
3.6	Басқа	Саны				
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>					
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
4.3	Басқа	Саны				
<b>5.</b>	<b>БББ мазмұнын өзектендіру</b>					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жылы		+	+	+
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жылы				
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жылы				
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жылы				

Психология кафедрасының меңгерушісі



Г.К. Сланбекова